

**Еңбек қорғау қызметінің  
атқаратын әрекеттері.**



Кәсіпорынның Еңбек қорғау қызметі  
белгіленген міндеттерге сай мынандай  
әрекеттерді жүзеге асырады:

- Кәсіпорындағы еңбек қорғау басқармасы жүйесінің жасалуын, өндіріске енгізілуін және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді.
- Еңбектің қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты кәсіпорынның функционалдық және өндірістік бөлімшелерінің жұмысын үйлестіреді және кәсіподақ ұйымдарының еңбек қорғау жөніндегі өкілдерімен, сондай-ақ еңбек қорғаудың аймақтық басқармасының қызметкерлерімен бірлесе әрекет етеді.

**ВСЕМИРНИЙ ДЕНЬ ОХРАНЫ ТРУДА!**



**28 АПРЕЛЯ**

- Тиісті бөлімдермен және қызмет түрлерімен бірлесе отырып, еңбек қорғаудың жағдайына бақылау жасауды жүзеге асырады және әр қызметкерді жұмыс орнындағы еңбек жағдайымен және еңбек қорғаудың ахуалы жөніндегі нақты және толық ақпаратпен қамтамасыз етеді. Қызметкерлер тиісті дербес қорғаныс құралдары, оларға жасалатын жеңілдіктер мен төлемдер туралы толық хабардар етеді.



- Жұмыс орындарын еңбек қорғаудың жағдайлары бойынша аттестациядан өткізуді ұйымдастырып, оған тікелей басшылық жасайды.





- Жұмыс істеушілерді сүтпен, сабынмен, майлы күйені жуып кетіретін және зиянсыздандырылатын құралдармен, сапалы, мемлекеттік стандарттарға сәйкес келетін, өндірістің техникалық жағдайлары мен ахуалына сәйкес аяқ киімдермен және басқа дербес қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуін бақылайды, оларды қабылдаудың, сақтаудың, тазалаудың, жуудың және жөндеудің барысын тексереді.



- Өндірістегі қайғылы жағдайларды, кәсіби аурулар мен апаттарды зерттеу ісіне қатысады және олардың есебін жүргізеді. Талдаудың материалдарын облыстағы еңбекті қорғау басқармасында тіркеуден өткізеді. Қайғылы жағдайларға жсалған талдаулардың қорытындылары бойынша тиісті бөлімшелердің қызметкерлерімен бірге болашақта ондай жағдайларды болдырмаудың алдын алу шараларын белгілейді және ондай шаралардың жүзеге асырылуына бақылау жасайды.

- Еңбекті қорғау мәселелерді жөніндегі бұйрықтардың, шешімдердің, нұсқаулардың, әкімдердің жобаларын, тәсілдемелік және жалпы шолулық құжаттарды даярлайды

